**БЕКІТЕМІН**
**Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ**
**Басқарма төрағасы- Ректордың**
**уақытша қызметін атқарушы**
**_____________ Г.Д. Сугирбаева**
**«13» ____01_____ 2025 ж.**

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

# ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫ – ПРОФЕССОРЛАР ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСУЫ ТУРАЛЫ

## ЕРЕЖЕ

## СМЖ ОҚПУ Е 6.04-2025

| *Қызметі* | *Қолы* | *Аты-жөні* |
|---|---|---|
| Келісілді: | | |
| Басқарма мүшесі-Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор | | Исабек Б.Қ. |
| Басқарма мүшесі –Академиялық мәселелер жөніндегі проректор | | Кудышева А.А. |
| Стратегиялық даму және менеджмент бөлімі басшысының у.м.а | | Иманбердиева М.Н. |
| Адами ресурстарды дамыту департаментінің директоры | | Мельдешева А.С. |

| *Қызметі* | *Қолы* | *Аты-жөні* |
|---|---|---|
| Әзірлеген: | | |
| Адами ресурстарды дамыту департаментінің заңгері | | Аманкулова Б.С. |

| | | |
|---|---|---|
| Құжаттың жарамдылық мерзімі:<br>«13» 01 20 25 ж.<br>«12» 01 20 28 ж. дейін<br>ұзартылды:<br>«___»________20__г. | Енгізілді:<br>№ 4/013 бұйрық<br><br>Енгізілген күні:<br>« 13 » 01 20 25 ж. | **СМЖ ОҚПУ Е 6.04-2025**<br><br>Басылым 2<br>Тіркеу №_1_<br>Көшірме № 1 |

**Мазмұны**

1 Қолдану саласы 3
2 Нормативті сілтемелер 3
3Терминдер мен анықтамалар 4
4 Белгілер мен қысқартулар 4
5 Жауапкершілік пен өкілеттілік 4
6 Процестің сипаттамасы 5
А қосымшасы Әкімшілік-басқару персоналы үшін бағалау қағаздың үлгісі 14
Б қосымшасы Факультет декандары үшін бағалау қағаздың үлгісі 16
В қосымшасы Кафедра меңгерушілері үшін бағалау қағаздың үлгісі 18
Г қосымшасы Оқытушы-профессорлар құрамы үшін бағалау қағаздың үлгісі 20
Д қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы 22

**1 Қолдану саласы**

1.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Өмірәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғам (ОҚПУ) оқытушы - профессорлар құрамының және ғылыми қызметкерлердің, кадрлық менеджмент элементі болып табылатын лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібін сипаттайды.

1.2 Осы Ереже университеттің барлық бөлімдеріне міндетті тәртіпте ұсынылуы тиіс.

1.3 Ереже авторлық құқық болып табылады және оны Басқарма төрағасы - ректордың рұқсатынсыз бөгде ұйымдарға беруге жол берілмейді.

**2 Нормативті сілтемелер**

2.1 Осы Ережеде келесі нормативті құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

| | |
|---|---|
| **Қазақстан Республикасының Заңы** | «Білім туралы» 27.07.2007 ж. №319-III өзгертулер мен толықтырулары 04.07.2018ж. №171-VI ЗРК |
| **Қазақстан Республикасының Кодексі** | Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 23.11.2015ж. №414-V ЗРК. |
| **Ережелер** | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы қызметінің үлгілік ережелері. 30.10.2018 ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің №595 бұйрығымен бекітілген. |
| **Біліктілік сипаттамалары** | Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже. Университеттің Басқарма төрағасы- ректордың №4-95, 13.01.2025ж бұйрығымен бекітілген. |
| **Квалификационные требования** | Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі. 17.06.2015ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің №391 бұйрығымен бекітілген. (ҚР БжҒМ 16.11.2018ж. № 634 бұйрығын редакциялау) |
| **СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023** | Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған ақпаратты басқару. |
| **СМЖ ОҚПУ ПР** | Сапа менеджменті жүйесі. Түзетуші және ескерту |

**8.02-2023** әрекеттері.

2.2 Ережелер келесі жазба түрлерін іске қосады:

Ф.6.04-01 Әкімшілік-басқару персоналы үшін бағалау қағазы
Ф.6.04-02 Факультет декандары үшін бағалау қағазы
Ф.6.04-03 Кафедра меңгерушілері үшін бағалау қағазы
Ф.6.04-04 Оқытушы-профессорлар құрамы үшін бағалау қағазы

## 3 Терминдер мен анықтамалар

Ережеде ҚР СТ ИСО 9000:2017 белгілеген терминдер мен анықтамалар пайдаланылады. Оларға қосымша ретінде осы Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылған:

**Еңбек шарты**: ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес жасалатын қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы, еңбек шарты негізіндегі, еңбек қатынастары,

**Штаттық кесте**: Кәсіпорынның құрылымын, мамандықтардың міндетті тізімін, лауазымдарды, кәсіптерді, қызметкерлердің жалпы санын, олардың айлық жалақысының көлемін, оның құрамдас бөліктерін сипаттайтын ішкі құжаты.

## 4 Белгілер мен қысқартулар

Ережеде келесі белгілер мен қысқартулар пайдаланылған:
СМЖ-сапа менеджменті жүйесі;
КЕАҚ - коммерциялық емес акционерлік қоғам;
ОҚПУ - Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті;
СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
Е – ереже;
ОПҚ – оқытушы-профессорлар құрамы;
СДжМБ – стратегиялық даму және менеджмент бөлімі;
АРДД – Адами ресурстарды дамыту департаменті;
АІД – Академиялық істер департаменті.

## 5 Жауапкершілігі мен өкілеттілігі

5.1 Ережені ОҚПУ Басқарма төрағасы - ректоры бекітеді.

5.2 Осы Ережелерде көрсетілген талаптарды енгізу үшін жауапкершілік проректорларға, Академиялық істер департаментінің директорына, Адами ресурстарды дамыту департаментінің директорына (АРДД), факультет декандарына және кафедра меңгерушілеріне жүктеледі.

5.3 Осы Ережені даярлаушы АРДД директоры болып табылады. АРДД директры оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына конкурстық орналасу ережесін басқаруға жауапты болады.

5.4 Сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) бөлімдердегі құжаттарының сақталуына, рұқсатсыз көшірмеленуіне, қызметтік ақпараттардың таралуына бөлім басшылары жауапты болады.

5.5 Ережеге өзгерістерді **(Д Қосымшасы)** "Өзгерістерді тіркеу парағына" міндетті түрде белгілей отырып, АРДД директоры енгізеді.

## 6 Процесті сипаттау

### 6.1 Жалпы ережелер

#### 6.1.1 Жұмысқа персоналды іріктеу жүйесі

6.1.1.1 «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналының лауазымдарына конкурстық тағайындау туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Құқықтық актілер туралы» Заңдарына, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына және «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) Жарғысына сәйкес әзірленді.

6.1.1.2 Осы Ереже Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің штаттық кестесінде қарастырылған профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналының лауазымдарына конкурстық тағайындау тәртібін анықтайды және директорлар кеңесінде бекітіледі.

Профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналының бос лауазымдарына конкурс қажеттілігіне қарай өткізіледі.

6.1.1.3 Конкурстық ауыстыру рәсімінен өтуге университеттің штаттық кестесінде қарастырылған әкімшілік - басқару персоналы құрамының лауазымдарына: құрылымдық бөлімшелердің басшылары (департамент/институт директорлары, бөлім /орталық /офис /кітапхана басшылары) кіреді.

6.1.1.4 Конкурстық ауыстыру рәсімінен өтуге университеттің штаттық кестесінде қарастырылған профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына: факультет деканы, кафедра меңгерушісі, профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), аға оқытушы, оқытушы кіреді.

6.1.1.5 Конкурсқа төмендегі тұлғалар жіберілмейді:

- медициналық қарсы көрсетілімдері бар;
- психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұратындар;

- сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған.
- ҚР Еңбек кодексінің 26-бабында көзделген шектеулер негізінде.

6.1.1.6 Өнер, мәдениет және спорт саласындағы доценттер, профессорлар (теңестірілген тұлғалар ретінде) лауазымдарына орналасу конкурсына тиісті ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ тиісті құжаттармен расталған мамандық бағыттары бойынша тиісті практикалық жұмыс тәжірибесі бар мамандар жіберілуі мүмкін.

6.1.1.7 Зейнеткерлік жасқа толған, кәсіби және біліктілік деңгейі жоғары жұмыскермен, еңбек шарты оның еңбекке қабілеттілігі ескеріле отырып, ҚР Еңбек кодексінің және ҚР «Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының нормаларына сәйкес ұзартылуы мүмкін.

6.1.1.8 Кафедралардың кадрлық құрамын қалыптастыруға және оқу үдерісін қамтамасыз етуге факультет декандары мен кафедра меңгерушілері толық жауаптылықта болады.

6.1.1.9 Оқу жылы ішінде құрылымдық бөлімшенің басшысы құрылымдық бөлімшенің кадр құрамын толық жинақтау мақсатында бір штаттық қызметкер/оқытушы үшін жалпы 1,5 ставкадан аспайтын штаттық қызметкерлер арасында бос штат бірліктерін уақытша бөлуге құқылы.

Қызметкер/оқытушы толық штат бірлігіне бос лауазымға қабылданған жағдайда штат қызметкерімен 0,5 ставкаға жасалған еңбек шартына қосымша келісім бұзылады.

**6.1.2. Конкурсты өткізу тәртібі.**

2.1 университет Басқарма төрағасы-Ректоры әкімшілік-басқару персоналының және (немесе) профессор-оқытушылар құрамының бос орындарына орналасуға конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;

2.2 конкурсты өткізу күні мен орны анықталады;

2.3 конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдау, тіркеу және сақтау жүргізіледі;

2.4 университет Басқарма төрағасы-Ректорының бұйрығымен Конкурстық комиссия құрылады;

**6.1.3. Конкурс жариялау**

6.1.3.1 ОҚПУ басшылық құрамының бос лауазымы бар болған жағдайда, университет конкурс өткізу туралы хабарландыруды интернет – ресурстарда, оның ішінде рекрутинг порталдарында құжаттарды қабылдаудың аяқталу күніне дейін екі апта бұрын орналастырады.

6.1.3.2 Конкурсты өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) бос лауазымның атауы;

2) университеттің атауы, орналасқан жері, пошталық мекен – жайы, телефоны;

3) құжаттарды қабылдаудың аяқталатын күні мен уақыты;

4) тиісті саланың үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес анықталатын конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар;

5) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі;

6) конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар университет ректорының атына өтініш (еркін нысанда жазады).

6.1.2.3 Бос лауазымдарға конкурс жарияланады:

1) ағымдағы оқу жылының соңында (маусым айынан кешіктірмей);

2) 1 курсқа студенттерді қабылдау нәтижелері бойынша оқу жылының басында;

3) оқу жылы ішінде:

- ОПҚ және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдары болған жағдайда;

- конкурс бойынша тағайындалған, еңбек шарты және сайлау мерзімі ағымдағы семестрде аяқталатын оқытушы -профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына.

6.1.2.5 Бос лауазымдарға арналған конкурсқа өтініштер (еркін нысанда) хабарландыру жарияланған күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей беріледі.

**6.1.4 Конкурстық комиссияны қалыптастыру**

6.1.4.1 Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті басшылық құрамының лауазымдарға тағайындауға арналған комиссияның саны, дербес құрамы және оның өкілеттік мерзімі университеттің Басқарма төрағасы-Ректордың тиісті бұйрығымен анықталады және бекітіледі.

6.1.4.2 Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері.

1) Меритократия қағидаларын сақтай отырып, конкурсты жүргізу;

2) Үміткерлердің барлығына бірдей теңдік принциптерін ұстану;

3) Үміткерлер арасында әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету;

4) Әділдіктің сақталуына және конкурстың жариялы түрде өтуін қамтамасыз ету;

5) Конкурстық комиссия отырысының кестесін анықтау;

6) Конкурстық құжаттамаларға талдау жүргізу;

7) Конкурстың қорытындысы бойынша шешім шығару болып табылады.

6.1.4.3 . Конкурстық комиссия келесі құрамда құрылады:

1. Әкімшілік-басқару персоналының құрамы үшін:

1) конкурстық комиссияның төрағасы – стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректоры,
2) хатшы – ғылыми дәрежесі бар штаттық қызметкер және комиссия мүшелері,
3) құрамында кемінде үш адам (жоо штаттағы оқытушылары немесе қызметкерлері қатарынан, адами ресурстарды дамыту департаментінің директоры, заң департаментінің директоры, комплаенс, кәсіподақ комитетінің төрағасы).

2. Профессор-оқытушылар құрамы үшін:

1) конкурстық комиссияның төрағасы – академиялық мәселелер жөніндегі проректор,
2) хатшы – ғылыми дәрежесі бар штаттық қызметкер және комиссия мүшелері,
3) құрамында кемінде үш адам (жоо штаттағы оқытушылары немесе қызметкерлері қатарынан, адами ресурстарды дамыту департаментінің директоры, заң департаментінің директоры, кәсіподақ комитетінің төрағасы).

6.1.4.4 Конкурстық комиссияның саны, дербес құрамы және оның өкілеттік мерзімі университеттің Басқарма төрағасы-Ректордың тиісті бұйрығымен анықталады және бекітіледі.

6.1.4.5 Әкімшілік-басқару персоналының құрамы үшін: конкурстық комиссияның төрағасы – стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректоры, хатшы – ғылыми дәрежесі бар штаттық қызметкер және комиссия мүшелері, кемінде үш адам (жоо штаттағы оқытушылары немесе қызметкерлері қатарынан, адами ресурстарды дамыту департаментінің директоры, заң бөлімінің директоры, комплаенс, кәсіподақ комитетінің төрағасы).

6.1.4.6 Профессор-оқытушылар құрамы үшін: конкурстық комиссияның төрағасы – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, хатшы – ғылыми дәрежесі бар штаттық қызметкер және комиссия мүшелері, кемінде үш адам (жоо штаттағы оқытушылары немесе қызметкерлері қатарынан, адами ресурстарды дамыту департаментінің директоры, заң бөлімінің директоры, кәсіподақ комитетінің төрағасы).

**6.1.4.7 Конкурстық комиссияның құрамын өзгерту университеттің Басқарма төрағасы-Ректордың тиісті бұйрығымен жүзеге асырылады.**

1. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы тиіс.

2. Конкурстық комиссия төрағасының міндеттері:

1) конкурстық комиссияның отырыстарын өткізу, оның жұмыс кестесін белгілеу;

2) Басқарма төрағасы – Ректорға конкурстық комиссия отырысының хаттамасын, материалдарын уақытылы ұсыну;

3) үміткерлерді шығарылған шешіммен таныстыру, құжаттаманы қалыптастыру мен жүргізудің дұрыстығына бақылауды жүзеге асыру.

3. Конкурстық комиссия хатшысының міндеттері:

1) конкурсқа қатысуға үміткерлерді қажетті құжаттаманың тізбесімен, конкурсқа қатысу мерзімдері мен тәртібімен таныстыру;

2) конкурсқа қатысу үшін тізбеге сәйкес құжаттарды қабылдау, тіркеу және сақтау;

3) конкурстық комиссияның төрағасын, мүшелерін және үміткерлерді конкурстық комиссияның кезекті отырысы туралы уақтылы хабардар ету;

4) конкурстық комиссия отырысының хаттамасын жүргізу;

5) конкурстық комиссияның құжатталған ақпаратын жүргізу;

6) бос лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру үшін бюллетеньдер ресімдеу;

7) үміткерлерді конкурстық комиссияның түпкілікті шешімінің нәтижелерімен таныстыру.

**6.1.5 Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды қабылдау және қарау шарттары**

6.1.5.1 Конкурсқа қатысуға үміткер келесідей құжаттарды адами ресурстарды дамыту департаментіне ұсынады:

- Басқарма төрағасы-Ректордың атына өтініш (1- қосымша);
- үміткердің электрондық форматтағы анкетасы (профессор-оқытушылар құрамы үшін) (2- қосымша);
- Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, академиялық және ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы туралы дипломдардың көшірмелері және салыстыру үшін түпнұсқасы;
- еңбек қызметін растайтын құжат (кадрлық есепке алу жөніндегі жеке парақ және 3х4 сурет);
- соттылығы жоқ туралы анықтама;
- ғалым хатшы куәләндырған ғылыми еңбектер мен өнер табыстар тізімі (соңғы 5 жылғы);
- шет тілдерін меңгергені туралы сертификаттар (бар болған жағдайда);
- қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда) және салыстырып тексеру үшін түп нұсқалары (соңғы 5 жылғы);
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №272 бұйрығымен бекітілген «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11304 болып тіркелген) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтыны туралы наркологиялық ұйымнан анықтама);
- №272 бұйрықпен бекітілген «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының есепте тұрмайтыны туралы Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- Өмірбаян.

6.1.5.2 Бос лауазымға үміткердің анкетасы оның педагогикалық және ғылыми қызметінің сапасын бағалау үшін қажет.

6.1.5.3 Анкета деректермен жұмыс істеу рәсімі:

- әрбір үміткер ұсынылған «үміткердің анкетасы» бланкісін (2-қосымша) растайтын құжаттарды қоса бере отырып, кандидаттың академиялық кезеңдегі нәтижелерін көрсететін жеке көрсеткіштері негізінде толтырады.

6.1.5.4 Конкурс «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамаларына сәйкес өткізіледі.

6.1.5.5 Үміткер штаттық жұмыскер болған жағдайда, сол құрылымның басшысы конкурстық комиссияның отырысына шақырылып, пікірі тыңдалады.

6.1.5.6 Әкімшілік-басқару персоналына немесе профессор-оқытушылар құрамына, атап айтқанда факультет деканы мен кафедра меңгерушісінің бос лауазымдарына екі немесе одан да көп үміткер ұсынылмаған жағдайда конкурс туралы хабарландыру қайта жарияланады.

**6.1.6 Конкурсты өткізу тәртібі**

6.1.6.1 Конкурс  келесі кезеңдерден тұрады:

1) университет Басқарма төрағасы-Ректорының бұйрығымен Конкурстық комиссия құрылады;

2) конкурстық комиссияның отырысы ұйымдастырылады;

3) профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналының бос лауазымдарына орналасуға үміткерлердің өтінімдерін қарау, кандидаттардың өтінімдерін сырттай қарау қарастырылмайды;

4) үміткерлермен сұхбаттасу (конкурс) өткізу;

5) конкурстың қорытындыларын шығару және әрбір қатысушыға қатысты конкурстық комиссияның шешімін жасырын немесе ашық дауыс беру әдістемесімен қабылдау.

6.1.6.2 Профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналының лауазымдарына орналасу конкурсы үміткерлердің қызметінің нәтижелерін презентациялар (10 слайдтан көп емес), әңгімелесу, шығармашылық есептер, авторлық әзірлемелерді қорғау, практикалық тапсырмалар түрінде аналитикалық қорытындылау негізінде өткізіледі, бұл ретте біліктілік сипаттамаларына сәйкес білімі тексеріледі.

Сұхбаттасу қорытындысы бағалау парағына енгізіледі:

- әкімшілік-басқару персоналы үшін **(А қосымша);**
- факультет декандары үшін **( Б қосымша);**
- кафедра меңгерушілері үшін **(В қосымша);**
- оқытушы-профессорлар құрамы үшін **(Г қосымша).**

Сұхбаттасудың мақсаты – үлгілік біліктілік сипаттамалар негізінде үміткерлердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау.

Бұдан кейін конкурстық комиссия профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналының бос лауазымдарына орналасуға конкурстық іріктеу бойынша ашық немесе жасырын дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

Ашық дауыс беру кезінде конкурстық комиссияның шешімі бағалау парақтарының нәтижелері негізінде конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде конкурстық комиссия төрағасының дауысы Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

Талқылау барысы мен конкурстық комиссия қабылдаған шешім хаттама түрінде ресімделеді, оған конкурстық комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы қол қояды.

Ерекше пікірі бар конкурстық комиссияның мүшелері оны білдірген жағдайда, оны жазбаша нысанда баяндайды, ол хаттамаға қоса беріледі.

Конкурстық комиссия жасырын дауыс беру кезінде осы Ережеге 7 – қосымшаға сәйкес лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру бюллетеніне (бұдан әрі-Бюллетень) үміткерді енгізу туралы шешім қабылдайды.

Кандидатурамен келісу немесе келіспеу әрбір кандидаттың тегіне қарсы «келісемін» немесе «келіспеймін» деген сөздермен беріледі. Бір лауазымға екі және одан да көп үміткер конкурстық іріктеуге қатысқан жағдайда бірде-бір Тегі сызылмаған Бюллетень жарамсыз деп танылады.

Дауыстарды санау үшін конкурстық комиссия жасырын дауыс беру басталар алдында Конкурстық комиссия арасынан комиссияның кемінде үш мүшесі бар есеп комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әрбір кандидатура бойынша дауыс беру нәтижелерін жариялайды. Есеп комиссиясының хаттамасын Конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалдарына қоса тігіледі.

Конкурс өткізу кезіндегі конкурстық комиссияның шешімі, егер дауыс беруге оның мүшелерінің кемінде 2/3 қатысса, жарамды болып табылады.

Кандидат комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда оң қорытынды алады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Конкурстық комиссияның жасырын дауыс беру арқылы қабылданған шешімі, егер ол осы ережені сақтай отырып қабылданса, түпкілікті болып табылады.

Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия бос лауазымға әрбір үміткер бойынша еңбек шартын жасау үшін «Басқарма төрағасы-Ректорға ұсынылады» немесе «Басқарма төрағасы-Ректорға ұсынылмайды» деген тұжырыммен ұсынымдар дайындайды.

Комиссия хатшысы конкурстың нәтижелерімен және конкурстық комиссияның ұсынымдарымен оған қатысқан адамдарды таныстырады.

Еңбек шартын жасасу конкурстық комиссияның отырысы мен Басқарма төрағасы-Ректорының шешімі аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күн ішінде жүргізіледі.

Профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналының лауазымдарына орналасу конкурсының қорытындысы бойынша еңбек шарты оқу жылының аяқталу күні 27 тамыз күнін ескере отырып 1 жылға немесе 3 жылға дейінгі мерзімге жасалады. Еңбек шартын жасасу мерзімін атқаратын лауазымына сәйкестік дәрежесі, кәсіби білім деңгейі, шет тілін меңгеру деңгейі, ғылыми-зерттеу қызметіне тартылу, басқарушылық және көшбасшылық қасиеттерінің болуы негізінде конкурстық комиссия айқындайды.

6.1.6.3 Конкурстық комиссия қорытындысы теріс нәтиже берген күннен бастап, келесі жұмыс күні еңбек шарты Еңбек кодексінің 52 бабының 1 тармағының 4, 4-1 тармақшаларына сай бұзылады .

6.1.6.4 Конкурстық комиссия қорытындысы оң нәтиже қабылдаған жағдайда еңбек шарты белгіленген уақытқа созылады және осы шарттың басталуы конкурсқа дейінгі жұмысқа қабылданған күндер қосылып саналады.

6.1.6.5 Конкурсқа дейін үміткерлермен еңбек шартын жасасқан кезде тапсырылатын жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатында сынақ мерзімі туралы талап белгіленуі мүмкін және айлық мөлшері біліктілігіне қарай айлық жалақысының мөлшері сараланып белгіленеді. Үміткер конкурстан өткен жағдайда белгіленген айлық жалақысының мөлшері сақталынады.

**6.1.7. Шағымдану тәртібі**

6.1.7.1 Үміткерлердың конкурстық құжаттармен және комиссияның шешімдерімен танысуға құқығы бар.

6.1.7.2 Үміткерлер мен кандидаттар конкурс комиссиясының шешіміне университет Басқарма төрағасы-Ректорының атына өтініш беру арқылы конкурстық комиссия шешімдеріне шағымдануға құқылы.

6.1.7.3 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 21-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес конкурстық сұрақтар бойынша туындайтын қатынастарға жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі қағидалар қолданылады.

6.1.7.4 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабына сәйкес еңбек даулары жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісім комиссиясында (отырысында) қаралады.

6.1.7.5 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 4), 4-1) тармақшасына сәйкес (конкурстың қорытындысы бойынша үміткер атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеген жағдайда) еңбек даулары жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісім комиссиясында (отырысында) қаралады. Егер үміткер немесе кандидат комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда сотқа шағымдануға құқылы.

6.1.7.6 Конкурс өту мерзімі аяқталмай Бала күтіміне байланысты демалысқа шыққан қызметкердің барлық құқықтары сақталынып, жұмысқа шыққаннан кейін Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзуға жол берілмейді, сондықтан 45 бабының 1 тармағына сай

жұмыскерді еңбек шартында келісілген лауазым, мамандық, кәсіп, біліктілік шегінде және еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары сақтала отырып, басқа жұмыс орнына не сол жердегі басқа құрылымдық бөлімшеге жұмыскердің келісімінсіз ауыстыруға құқылы, алайда 58 бабының 2 тармағына сай жұмыскер еңбек қатынастарын жалғастырудан жазбаша бас тартқан кезде не жұмыскердің еңбек қатынастарын жалғастырудан жазбаша бас тартуды беруден бас тартуын куәландыратын акт болған кезде еңбек шартын тоқтатуға жол беріледі.

**6.1.8. Қорытынды ережелер**

6.1.8.1 Осы Ереже университеттің басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған, жұмыс беруші құқықтық жүйеге асырушылық және құқықты қолданушылық маңызы бар актісі болып табылады.

6.1.8.2 Осы Ережемен анықталған талаптарды сақтамау кінәлі тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартуға негіз болады.

6.1.8.3 Осы Ереже қол қойылған күннен бастап қолданылады.

**А қосымшасы**
(анықтамалық)
**Әкімшілік-басқару персоналы үшін бағалау қағаздың үлгісі**

## БАҒАЛАУ ҚАҒАЗЫ
(басшылық құрамы)

Конкурстық комиссия (ректордың №_____ "____" ________ 20__ жылғы бұйрығы)
20____ жылғы "____" _________________ отырыс.
Хаттама № ______
Лауазым – _______________________________________________________________
кафедра/факультет/құрылымдық бөлім – ____________________________________
_________________________________________________________________________
үміткердің Т.А.Ә. _______________________________________________________

**1 ДЕРЕКТЕРДІ БАҒАЛАУ**

| Біліктілік талаптар | Бағалау өлшемдері | Ескертпе |
|---|---|---|
| Білімі | сәйкес/сәйкес емес | |
| Дәрежесі/атағы | сәйкес/сәйкес емес | |

| Бағалау критерийлері | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жетістіктері мен марапаттары | | | | | | |
| Тағылымдамадан және біліктілік арттыру курстарынан өтуі | | | | | | |
| Стратегиялық бағдарламаның болуы | | | | | | |
| Нормативтік-құқықтық актілерді білу деңгейі | | | | | | |
| Көшбасшылық қабілеті | | | | | | |

**2 ПРЕЗЕНТАЦИЯНЫ БАҒАЛАУ**

| Бағалау критерийлері | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мазмұны мен тақырыптың сәйкестігі | | | | | | |
| 2023-2029 жылдарға арналған дамыту бағдарламасы | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

## 3 ӘҢГІМЕЛЕСУДІ БАҒАЛАУ

| Сұрақтар | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

## 4 ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ

| Шешім | Негіздеме | Ескертпе |
|---|---|---|
| Бос лауазымға орналасуға ұсынылады | | |
| Бос лауазымға орналасуға ұсынылмайды | | |

Конкурстық комиссияның
төрайымы/ мүшесі ________________________________________

Қолы___________________ күні_____________________

# Б қосымшасы
# (анықтамалық)
# Факультет декандары үшін бағалау қағаздың үлгісі

## БАҒАЛАУ ҚАҒАЗЫ
(факультет декандары)

Конкурстық комиссия (ректордың №_____ "____" _______ 20__ жылғы бұйрығы)
20____ жылғы "____" ________________ отырыс.
Хаттама № ______
Лауазым – ____________________________________________________________
кафедра/факультет/құрылымдық бөлім – ___________________________________
______________________________________________________________________
үміткердің Т.А.Ә. - ____________________________________________________

1 ДЕРЕКТЕРДІ БАҒАЛАУ

| Біліктілік талаптар | Бағалау өлшемдері | Ескертпе |
|---|---|---|
| Білімі | сәйкес/сәйкес емес | |
| Дәрежесі/атағы | сәйкес/сәйкес емес | |

| Бағалау критерийлері | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жетістіктері мен марапаттары | | | | | | |
| Ағылшын тілін меңгеру туралы (сертификаттар) | | | | | | |
| Тағылымдамадан және біліктілік арттыру курстарынан өтуі | | | | | | |
| Стратегиялық бағдарламаның болуы | | | | | | |
| Функционалдық қызметін меңгеру дәрежесі | | | | | | |
| Ұжыммен жұмыс істеу және ұйымдастыру қабілеті | | | | | | |
| Нормативтік-құқықтық актілерді білу деңгейі | | | | | | |
| Көшбасшылық қабілеті | | | | | | |

2 ПРЕЗЕНТАЦИЯНЫ БАҒАЛАУ

| Бағалау критерийлері | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мазмұны мен тақырыптың сәйкестігі | | | | | | |
| Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану | | | | | | |
| Жағдаяттық тапсырмалар және кейстердің болуы | | | | | | |
| Берілген ақпараттың өзектілігі | | | | | | |
| Баяндау мәнері және аудиторияның қатысуы | | | | | | |

3 ӘҢГІМЕЛЕСУДІ БАҒАЛАУ

| Сұрақтар | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

4 ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ

| Шешім | Негіздеме | Ескертпе |
|---|---|---|
| Бос лауазымға орналасуға ұсынылады | | |
| Бос лауазымға орналасуға ұсынылмайды | | |

Конкурстық комиссияның
төрайымы/ мүшесі ________________________________________

Қолы___________________ күні_____________________

# В қосымшасы
# (анықтамалық)
# Кафедра меңгерушілері үшін бағалау қағаздың үлгісі

**БАҒАЛАУ ҚАҒАЗЫ**
(кафедра меңгерушілері)

Конкурстық комиссия (ректордың №_____ "____" _______ 20__ жылғы бұйрығы)
20____ жылғы "____" ________________ отырыс.
Хаттама № ______
Лауазым – ____________________________________________________________
кафедра/факультет/құрылымдық бөлім – ___________________________________
_______________________________________________________________________
үміткердің Т.А.Ә. - ____________________________________________________

1 ДЕРЕКТЕРДІ БАҒАЛАУ

| Біліктілік талаптар | Бағалау өлшемдері | Ескертпе |
|---|---|---|
| Білімі | сәйкес/сәйкес емес | |
| Дәрежесі/атағы | сәйкес/сәйкес емес | |

| Бағалау критерийлері | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жетістіктері мен марапаттары | | | | | | |
| Ағылшын тілін меңгеру туралы (сертификаттар) | | | | | | |
| Тағылымдамадан және біліктілік арттыру курстарынан өтуі | | | | | | |
| Стратегиялық бағдарламаның болуы | | | | | | |
| Функционалдық қызметін меңгеру дәрежесі | | | | | | |
| Ұжыммен жұмыс істеу және ұйымдастыру қабілеті | | | | | | |
| Нормативтік-құқықтық актілерді білу деңгейі | | | | | | |
| Көшбасшылық қабілеті | | | | | | |

2 ПРЕЗЕНТАЦИЯНЫ БАҒАЛАУ

| Бағалау критерийлері | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мазмұны мен тақырыптың сәйкестігі | | | | | | |
| Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану | | | | | | |
| Жағдаяттық тапсырмалар және кейстердің болуы | | | | | | |
| Берілген ақпараттың өзектілігі | | | | | | |
| Баяндау мәнері және аудиторияның қатысуы | | | | | | |

3 ӘҢГІМЕЛЕСУДІ БАҒАЛАУ

| Сұрақтар | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

4 ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ

| Шешім | Негіздеме | Ескертпе |
|---|---|---|
| Бос лауазымға орналасуға ұсынылады | | |
| Бос лауазымға орналасуға ұсынылмайды | | |

Конкурстық комиссияның
төрайымы/ мүшесі __________________________________________

Қолы_____________________ күні_______________________

# Г қосымшасы
# (анықтамалық)
# Оқытушы-профессорлар құрамы үшін бағалау қағаздың үлгісі

## БАҒАЛАУ ҚАҒАЗЫ

(профессор-оқытушылар)

Конкурстық комиссия (ректордың №_____ " ___ " _______ 20__ жылғы бұйрығы)
20____ жылғы "____" ________________ отырыс.
Хаттама № ______
Лауазым – ______________________________________________________________
кафедра/факультет – ___________________________________
______________________________________________________________________
үміткердің Т.А.Ә. - ______________________________________________________

1 ДЕРЕКТЕРДІ БАҒАЛАУ

| Біліктілік талаптар | Бағалау өлшемдері | Ескертпе |
|---|---|---|
| Білімі | сәйкес/сәйкес емес | |
| Дәрежесі/атағы | сәйкес/сәйкес емес | |

| Бағалау критерийлері | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Монографиялар, оқулық, оқу-әдістемелік құрал жариялануы | | | | | | |
| Ғылыми журналдар мен жинактарда мақалалардың жариялануы | | | | | | |
| Ғылыми конкурстар мен көрмелерге қатысуы | | | | | | |
| Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен пәндік олимпиадасына жетекшілік ету және жүлделі орын алуы | | | | | | |
| Жетістіктері мен марапаттары | | | | | | |
| Ағылшын тілін меңгеру туралы (сертификаттар) | | | | | | |
| Тағылымдамадан және біліктілік арттыру курстарынан өтуі | | | | | | |
| Студенттердің сабаққа қатысуы | | | | | | |
| Қоғамдық жұмыстары | | | | | | |
| Тәлімгерлік жұмысы | | | | | | |

2 ӘҢГІМЕЛЕСУДІ БАҒАЛАУ

| Сұрақтар | 5 | 4 | 3 | 2 | 1 | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

3 ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ

| Шешім | Негіздеме | Ескертпе |
|---|---|---|
| Бос лауазымға орналасуға ұсынылады | | |
| Бос лауазымға орналасуға ұсынылмайды | | |

Конкурстық комиссияның
төрайымы/ мүшесі ________________________________________

Қолы___________________ күні_____________________

# Д Қосымшасы

(міндетті)

## Өзгерістерді тіркеу парағы

| № | Өзгеріс жөніндегі хабарландыру нөмірі | Өзгерісті тіркеу мерзімі | Бұл құжатқа өзгеріс енгізген тұлға | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Өзгерістерді енгізген тұлғаның Т.А.Ә. | Қолы | Мерзімі |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

**Ф.4.01-07**